

БАСПАӨЗЕ
ЖАЗЫЛУ

2022



A S T A N A

A Q S H A M Y

АСТАНА

ELORDA.INFO

Қазақ трагедиясы көрсетілді



«Міржақып. Оян, қазақ!» фильмі кинотеатрларда үлкен қызығушылық тудырды. Көрермендердің сұрауымен кинопрокат бірнеше аптаға ұзартылды. Бұл – тарихи тұлғалар туралы кинотуындыларға халықтың сұранысы зор екенінің дәлелі. Ал аталмыш фильмдегі Избасар деген кейіпкердің өмірде нақты прототипі бар. Ол – тарих ғылымдарының докторы, профессор, міржақыптанушы Марат Әбсемет. Осы орайда белгілі ғалымды аз-кем әңгімеге тарттық.

– Марат Оралбайұлы, «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін көрген шығарсыз, алған әсеріңіз қандай?

– Бұл фильмді көріп отырып, бір жылап алдым. Жастайымнан міржақыптанудың басы-қасында жүрген соң ба, бүкіл өмірім көз алдымнан өтті. Міржақыптың қызы Гүлнар апай тірі болғанда фильмді көріп, бір марқайып қалар еді. Рухы шат болған болар. Мен өзім дән ризамын. Алғашқы міржақыптанушы ретінде қуанышым қойныма сыймады. 1991 жылы 23 желтоқсан күні, тәуелсіздік алған уақытта Алаштың рухани көсемі Міржақып туралы ғылыми диссертацияны алғаш қорғау маған бұйырды.

– Міржақыптанушы ғалымсыз. Фильмдегі Избасар деген кейіпкердің прототипі сіз екенін білеміз. Оқиғалардың шынайылығы туралы не айтасыз?

– Фильмде ойдан ештеңе құрастырылмаған. Бәрі шынайы. Бар нәрсені көрсеткен. Сол үшін де керемет әсер етті. Гүлнар Міржақыпқызының асүйінде үлкен үстел бар еді. Сол үстел басында кезінде Әлихан, Ахмет секілді Алаш зиялылары бас қосып, сұхбаттасқан екен. Біз де сонда отырып, Алаш зиялыларын ақтауға хат жазған едік. Горбачевқа хат жазып, ұлт зиялыларын ақтаймыз деп шешім қабылдадық. Алаш ардақтыларының ұрпақтары Шолпан Ахметқызы, Гүлнар Міржақыпқызы, Райымжан Бөкейхан, Муза Жүсіпбекқызы бар, басқалар

да жиналып хат жаздық. Бұл кісілер айтты, мен жазып отырдым. Солай біз ақталмаған тұлғаларды ақтауға кіріскен едік.

– Көркем туынды болған соң фильм авторлары тарапынан қоспа болатыны белгілі. Дегенмен, Міржақып тарихи тұлға болған соң, фильмдегі оқиғалар қанша пайыз өтірік, қанша пайыз шын деп ойлайсыз?

– Фильм авторлары Мұрат Есжан, Ұларбек Нұрғалым көркемдік шындық пен тарихи шындықтың үйлесімін нақты тауып документалды деректерге сүйеніп керемет фильм түсірді. Басқасын айтпағанда менімен жеті сағат сойлесіп, біраз деректі «Алыстан Алаш десе аттанамын...» деген басылмаған көлемді қолжазба кітабымды алып кәдеге асырған еді. Монографиямдағы Ағыбай қылышына байланысты дерек фильмнің үлкен оқиғасына айналып жүре берді. Бастысы, халық дән риза. Жыламаған көрермен жоқтың қасы. Шынайы. Міржақып арқылы авторлар қазақ трагедиясын көрсеткен соң, фильм халықтың жүрегіне жол тапты деп айтуға болады.

– «Абай жолы», «Ұлт ұстазы» сынды ұлы Абай, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы, басқа да тарихи тұлғалар туралы түсірілген телехикаялар туралы пікіріңіз қандай? Жалпы, қазіргі қазақ киносы жайында не айтасыз?

– Тек комедияларға жол бере бермей, тарихи тұлғалар туралы көп фильм түсірілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Ұлт зиялыларын елге дәріптеп, зерттеп жатқанына қуаныштымын. Жалпы қазақ киносының болашағы зор деп ойлаймын.